

*«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ акционерлерінің
кезектен тыс жалпы жиналысының
2024 жылғы «26 шілде» күнгі шешімімен*
Б Е К І Т І Л Д І

**«Каспий» Тауар Биржасы» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы
Е Р Е Ж Е**

Астана қ.

Мазмұны:

№ тарау	Тараудың атауы	Бет нөмірі
1	Жалпы ережелер	3
2	Директорлар кеңесінің құзыреті	3-4
3	Директорлар кеңесінің құрамы, сайлануы және өкілеттік мерзімі	4-6
4	Қоғам Директорлар кеңесінің Төрағасы	6
5	Директорлар кеңесінің мүшелері, олардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі	6-8
6	Директорлар кеңесі мүшелерінің шығындарын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі	8
7	Корпоративтік хатшы	8-9
8	Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру	9-10
9	Директорлар кеңесі отырысын өткізу тәртібі	10-11
10	Қоғам Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы	11
11	Директорлар кеңесінің комитеттері	11-12
12	Сыртқы сарапшыларды тарту тәртібі	12
13	Қорытынды ережелер	12

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Каспий» Тауар Биржасы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген, Директорлар кеңесінің мәртебесін, қызметін ұйымдастыру тәртібін және құзыретін, оның отырыстарын шақыру мен өткізу рәсімін, шешімдерді ресімдеуді, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігін және өзге де туындайтын мәселелерді айқындайды.

2. Директорлар кеңесі Қоғамның басқару органы болып табылады және Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, бірақ Заң мен Қоғам Жарғысында акционердің (акционерлердің) айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешпейді.

3. Өз қызметінде Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Қоғамның Жарғысын, осы Ережені, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қызметіне қатысты ішкі құжаттарды басшылыққа алады.

4. Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік қағидаттарына, акционерлер мен Қоғамның мүдделерін барынша сақтау мен жүзеге асыруға негізделеді.

5. Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде Қоғамның мүддесінде тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңгерімі сақталуы тиіс, сонымен қатар Қоғамның орнықты даму қағидаттары ескерілуі қажет.

6. Директорлар кеңесінің құзыреті шегінде қабылданған шешімдері Қоғамның басқармасы, құрылымдық бөлімшелері, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

7. Директорлар кеңесінің өкілеттігі Заңда, Қоғам Жарғысында және Ережеде көзделген тәртіппен тоқтатылуы мүмкін.

2 тарау. Директорлар кеңесінің құзыреті

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғам Жарғысында және осы Ережеде көзделген мәселелер жатады.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) жылдық және кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын айқындау;

4) жарияланған акциялар санының шегінде орналастырылатын (сатылатын), соның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау, Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда.

5) Қоғамның акцияларын немесе Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды орналастыру (сату) туралы шешім қабылдау, Заңның 16-бабы 7-тармағында көзделген жағдайларда.

6) Қоғам орналастырған акцияларды немесе өзге де бағалы қағаздарды және олардың өтелу бағасын Қоғамның қайта сатып алуы туралы шешім қабылдау;

7) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

8) Директорлар кеңесі комитеттері туралы ережелерді бекіту;

9) Қоғам облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

10) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функцияларын дербес жүзеге асыратын тұлғаны) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

11) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын дербес жүзеге асыратын тұлғаның) лауазымдық еңбекақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын айқындау;

12) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйақы беру шарттарын айқындау;

13) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ оның лауазымдық еңбекақысының мөлшері мен сыйақы шарттарын белгілеу;

14) Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізу бойынша аудиторлық ұйым қызметіне ақы төлеу мөлшерін, сондай-ақ Қоғам акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

15) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) бекіту, оның ішінде Қоғамның бағалы қағаздары бойынша аукциондар мен жазылуды өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

16) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

17) Қоғамның өзге заңды тұлғалардың он және одан да көп пайыз акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алуы (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау;

18) он және одан да көп пайыз акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

19) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызына ұлғайту;

20) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

21) ірі мәмілелерді және Қоғам мүдделі болып табылатын мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешім қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, бұл Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабы 3-1-тармағына сәйкес.

22) Осы Заңда және (немесе) Қоғам Жарғысында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

3. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Президентке және Қоғамның өзге органдарына беруге болмайды.

4. Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғам Президентінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша, сондай-ақ Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

3 тарау.

Директорлар кеңесінің құрамы, сайлануы және өкілеттік мерзімі

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

2. Директорлар кеңесінің мүшелері мына санаттардан сайланады:

1) акционерлер – жеке тұлғалар;

2) акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсынылатын) тұлғалар;

3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлғалар.

3. Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің құрамы Қоғам қызметінің салалық ерекшелігіне, Қоғам қызметінің ауқымына, Директорлар кеңесі комитеттері қарайтын мәселелерге байланысты олардың мүшелерінің дағдыларының, тәжірибесі мен білімінің теңгерімін көздеуі тиіс, бұл Қоғам мен акционерлердің мүдделерінде тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамға жалпы басшылық жасау үшін жеткілікті қажетті біліктілікке және тәжірибеге ие тұлғалардан тұруы тиіс.

5. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері шешім қабылдау процесінде өзара іс-қимылға, ынтымақтастыққа және сындарлы талқылауға бағытталуы қажет. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін адал орындап, мүдделер қақтығысын барынша азайтатын шешімдер қабылдауы тиіс.

6. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адам болуы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамының кемінде 30 (отыз) пайызы тәуелсіз директорлардан тұруы қажет.

7. Директорлар кеңесіне сайлана алмайтын тұлғалар:

- Қоғаммен бәсекелесетін заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы, басқару органы мүшесі немесе қызметкері болып табылатын тұлға;
- бұрын сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған тұлға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар тұлға.

8. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған (тағайындалған) тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шексіз рет қайта сайлана (қайта тағайындала) алады.

9. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау нәтижелері ескерілуі мүмкін.

10. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесі сайланатын акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген сәтте аяқталады.

11. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өз бастамасы бойынша өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуы Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама беру негізінде жүзеге асырылады. Мұндай Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

12. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, жаңа мүшені сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте жаңадан сайланған Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімімен бір мезгілде аяқталады.

13. Тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің мүшесі, ол Қоғамның аффилирленген тұлғасы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде ондай болмаған (осы акционерлік қоғамда тәуелсіз директор лауазымында болу жағдайын қоспағанда), Қоғамның аффилирленген тұлғаларына қатысты аффилирленген тұлға болып табылмайды; Қоғамның немесе осы акционерлік қоғамның аффилирленген тұлғаларының лауазымды адамдарына бағынышты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде ондай тәуелділік қатынасында болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайды; Қоғам

органдарының отырыстарында акционердің өкілі емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде ондай болмаған; Қоғамның аудитіне аудиторлық ұйым құрамында аудитор ретінде қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде ондай аудитке қатыспаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де талаптарға сәйкес келуі тиіс.

14. Тәуелсіз директорлар лауазымына кандидаттар Қоғаммен, оның басқару органдарымен немесе меншігімен объективті пікір білдіруге қауіп төндіретін қандай да бір материалдық мүдделерден немесе қатынастардан тәуелсіз болуы тиіс, акционерлердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан тәуелсіз, объективті шешімдер қабылдауға жеткілікті кәсібилік пен дербестікке ие болуы қажет.

4 тарау. Қоғам Директорлар кеңесінің Төрағасы

1. Директорлар кеңесін оның төрағасы басқарады.
2. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғам Жарғысында өзгеше көзделмесе, акционерлердің жалпы жиналысының ұсынысы (ұсынуы) бойынша өз мүшелерінің арасынан қарапайым көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерімен сайланады.
3. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасауға жауапты, оның негізгі функцияларының толық әрі тиімді іске асырылуын қамтамасыз етеді және Директорлар кеңесі мүшелері, акционерлер мен Қоғамның атқарушы органы (Президенті) арасында сындарлы диалог құруға ықпал етеді.
4. Директорлар кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
 - 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғысында белгіленген тәртіппен отырыстарда хаттама жүргізілуін ұйымдастырады;
 - 4) Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің нысанын және шешім қабылдау кезінде дауыс беру тәсілін айқындайды;
 - 5) жүктелген міндеттерге сәйкес өзге де функцияларды орындайды.
5. Директорлар кеңесінің төрағасы талқыланатын мәселелер бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің пікірін еркін білдіру қағидатын ұстанады, келісілген шешім табуға, Директорлар кеңесі мүшелерінің консенсусқа қол жеткізуіне, акционерлер мен Қоғамның мүдделерінде шешімдер қабылдауға ықпал етеді. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің бірыңғай команда ретінде жұмыс істеуіне жағдай жасау мақсатында тиімді көшбасшылыққа ықпал етеді.
6. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

5 тарау.

Директорлар кеңесінің мүшелері, олардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі

1. Директорлар кеңесінің мүшелері, Директорлар кеңесінің құзыреті шегінде, құқылы:
 - 1) Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Қоғамның коммерциялық құпиясын құрайтын ақпаратты алуға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның барлық құжаттарымен танысуға;
 - 2) белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;
 - 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - 4) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларымен және сырттай дауыс

беру арқылы қабылданған шешімдерімен танысуға;

5) күн тәртібі мәселелері мен қабылданатын шешімдер бойынша өзге пікірін Директорлар кеңесінің хаттамасына енгізуді талап етуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, өзге ішкі құжаттарында және осы Ережеде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

2. Директорлар кеңесінің мүшесі міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына, Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес, хабардар болу, ашықтық қағидаттарына сүйене отырып, Қоғам мен акционерлердің мүддесінде әрекет етуге;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарына тұрақты қатысуға және күнтізбелік жыл ішінде өткізілетін отырыстардың кемінде 50%-на қатысуға;

3) шешімдер қабылдау кезінде Қоғам үшін тәуекелдерді және ықтимал қолайсыз салдарды бағалауға;

4) Қоғам қызметіне белсенді араласуға және Қоғам қызметіндегі, сыртқы жағдайлардағы елеулі өзгерістер туралы хабардар болуға, сондай-ақ Қоғамның ұзақ мерзімді перспективада мүдделерін қорғауға бағытталған уақтылы шешімдер қабылдауға;

5) акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді орындауға;

6) Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы және оның себептерін алдын ала корпоративтік хатшыға хабарлауға;

7) Қоғамның корпоративтік хатшысын өзге лауазымдарымен және тұрақты (негізгі) жұмыс орнының (қызметінің, кәсіпкерлік қызметінің және т.б.) өзгеруі туралы хабардар етуге;

8) Қоғам туралы құпия ақпаратты өзінің жеке мүддесіне немесе үшінші тұлғалардың мүддесіне пайдаланбауға және жария етпеуге, бұл міндет лауазымда болған кезеңде және Директорлар кеңесі мүшесі өкілеттігі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл бойы сақталады, егер Қоғамның ішкі құжаттарында ұзағырақ мерзім көзделмесе;

9) аффилирленген тұлға мәртебесі пайда болған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде Банкке өз аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер беруге;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген өзге де талаптарды орындауға.

3. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен акционерлердің мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді қолданады;

2) Қоғам мүлкін Қоғамның Жарғысына, акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы немесе жеке мақсаттарда пайдаланбауы тиіс;

3) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын, оның ішінде тәуелсіз аудиттің жүргізілуін қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қоғам қызметі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғысына және осы Ережеге сәйкес ашуды және ұсынуды бақылап отырады.

4. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері жауап береді:

1) акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын бөлігі бойынша орындалуына;

2) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша қабылданған шешімдердің салдарына, Заңға және Қоғамның ішкі саясатына сәйкес.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның лауазымды тұлғалары ретіндегі жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген.

5. Қоғамның Директорлар кеңесі міндетті:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын бақылауға және мүмкіндігінше жоюға, оның

ішінде Қоғам мүлкін заңсыз пайдалануға және мүдделілік бар мәмілелерді жасаудағы теріс пайдалануға жол бермеуге;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауға.

6 тарау.

Директорлар кеңесі мүшелерінің шығындарын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғам Жарғысында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақы төленуі және (немесе) Директорлар кеңесі мүшесі ретіндегі функцияларын орындауына байланысты шығындары өтелуі мүмкін.

2. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақылардың мөлшерін және төлеу шарттарын айқындау, сондай-ақ олардың өз міндеттерін орындауына байланысты шығындарын өтеу Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

3. Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысының мөлшері ұлттық валютада (теңге) белгіленеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы сомадан салықтар мен міндетті аударымдар ұсталып қалады.

4. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысымен белгіленген Директорлар кеңесі мүшелерінің ай сайынғы сыйақы мөлшері Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің бүкіл кезеңіне орнатылады, егер акционерлердің жалпы жиналысы өзге шешім қабылдамаса.

5. Сыйақының мөлшері әрбір Директорлар кеңесі мүшесін тартуға, ұстап қалуға және ынталандыруға, сондай-ақ олардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге жеткілікті болуы тиіс. Сыйақы Директорлар кеңесі мүшесінің бүкіл Директорлар кеңесінің және Қоғамның қызметінің тиімділігін арттыруға қосатын күтілетін үлесін әділ көрсетуі қажет.

6. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы төлеу шарттары Қоғамның атынан акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен уәкілеттік берілген тұлға қол қоятын тиісті шарттарда (келісімдерде), сондай-ақ қажет болған жағдайда Қоғамның ішкі құжаттарында көрініс табуы мүмкін.

7. Қоғамның есепті қаржылық жылдағы қызметінің нәтижелері қаралғаннан кейін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Директорлар кеңесі мүшелеріне жылдық сыйақы төлеу туралы шешім қабылдауға, оның мөлшерін айқындауға және оны Директорлар кеңесі мүшелері арасында бөлуге құқылы.

7 тарау. Корпоративтік хатшы

1. Корпоративтік хатшы – Қоғамның қызметкері, Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғамның атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын, Директорлар кеңесі тағайындайтын және Директорлар кеңесіне есеп беретін тұлға. Өз қызметі шеңберінде ол акционерлердің жалпы жиналысын және Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуге бақылау жасайды, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды және Директорлар кеңесінің отырысына арналған материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларға қол жеткізуді қадағалайды.

2. Корпоративтік хатшы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен, Қоғам қызметкерлері арасынан, Директорлар кеңесі отырысына қатысып отырған мүшелердің көпшілік даусымен тағайындалады.

Директорлар кеңесі кез келген уақытта корпоративтік хатшыны қайта тағайындауға құқылы, бұл ретте Қоғам қызметкерінің хатшы ретіндегі өкілеттігін тоқтату оның Қоғаммен еңбек қатынастарының тоқтатылуына әкеп соқтырмауы мүмкін.

3. Қоғамның корпоративтік хатшысының функцияларына мыналар жатады:

1) Директорлар кеңесін шақыруға құқығы бар тұлғалардың ұсыныстарына сәйкес, кезекті Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің жобасын әзірлеп, Директорлар кеңесінің төрағасына ұсыну;

2) Директорлар кеңесі отырысын ұйымдастыруға және өткізуге қажетті құжаттарды (материалдарды) қалыптастыру және жіберуді қамтамасыз ету (отырыс өткізу туралы хабарламалар, күн тәртібі мәселелері бойынша шешім жобалары, алдын ала танысуға арналған құжаттар жобалары және т.б.);

3) Директорлар кеңесі мүшелерінің сұрау салулары бойынша құжаттарды (ақпаратты) дайындауды және ұсынуды ұйымдастыру;

4) Қоғамның Директорлар кеңесінің атынан сұрау салулар мен хаттарға жауаптарды дайындау;

5) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларын және олардан үзінділерді, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдерін, сондай-ақ Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламаларды ресімдеу;

6) Директорлар кеңесі бекіткен құжаттарды жолдау;

7) Директорлар кеңесінің төрағасының және/немесе мүшелерінің тапсырмасы бойынша Қоғам қызметкерлеріне немесе құрылымдық бөлімшелеріне Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша ақпарат (материалдар) ұсыну туралы сұрау салуларды дайындау;

8) Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін құжаттардың дұрыс ресімделуін бақылау;

9) Директорлар кеңесінің төрағасының тапсырмасы бойынша жекелеген құжаттар мен шешімдердің жобаларын дайындау;

10) Директорлар кеңесі отырыстарының барысын, оның ішінде қатысушы мүшелердің келісімімен магниттік тасымалдаушыларға жазуды ұйымдастыру;

11) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізілген Директорлар кеңесі отырыстары мен қабылданған шешімдер туралы мәліметтерді уәкілетті органдарға жолдау;

12) осы Ережеде, Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасы мен мүшелерінің тапсырмаларында көзделген өзге де функцияларды орындау.

4. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесінің тиімді қызметін қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен, Президентпен, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен және қызметкерлерімен үйлестірілген әрі жедел жұмысын қамтамасыз етеді.

8 тарау. Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру

1. Директорлар кеңесінің отырыстары Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді қарау мақсатында, қажеттілігіне қарай өткізіледі.

2. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Қоғам Президентінің бастамасы бойынша не мыналардың талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;

2) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйым;

3) Акционер.

3. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына жазбаша хабарлама жолдау арқылы ұсынылады, онда Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі көрсетілуі тиіс.

4. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Президентке жүгінуге құқылы, ал Президент Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

5. Директорлар кеңесінің отырысы шақыру туралы талап түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғам Президенті тарапынан шақырылуы тиіс.

6. Директорлар кеңесінің отырысы міндетті түрде аталған талапты қойған тұлғаның қатысуымен өткізіледі.

7. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар қоса тіркеліп, отырыс өткізілетін күннен кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын Директорлар кеңесі мүшелеріне жолдануы тиіс. Директорлар кеңесінің сырттай тәртіппен (Директорлар кеңесінің шешімдерін сырттай дауыс беру арқылы қабылдау) өткізу туралы жазбаша хабарламасына бірыңғай нысанда жасалған сырттай дауыс беруге арналған бюллетень қоса беріледі және ол барлық Директорлар кеңесі мүшелеріне ұсынылады.

Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың күні, уақыты мен өткізу орны, сондай-ақ күн тәртібі көрсетілуі тиіс. Аралас дауыс беру арқылы шешімдер қабылдануы мүмкін. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің отырысқа қатыса алмайтын жағдайда сырттай дауыс беру арқылы дауыс беруге мүмкіндігі бар екендігі жөнінде түсіндірме болуы тиіс.

8. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің отырысқа қатыса алмайтындығы туралы Қоғам Президентін алдын ала хабардар етуге міндетті.

9 тарау. Директорлар кеңесі отырысын өткізу тәртібі

1. Директорлар кеңесі отырысын өткізу үшін кворум Қоғамның Жарғысында айқындалады, бірақ Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болмауға тиіс.

2. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген кворумға жету үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына жаңа Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін шығаруға міндетті. Қалған Директорлар кеңесі мүшелері тек осындай мәселені Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына шығару туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Заңда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысына төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші дауыс болып табылады.

Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесі мүшелері қатыса алатын жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Егер Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа жеке өзі қатыса алмаса, ол күн тәртібі мәселелері бойынша өз пікірін жазбаша білдіруге құқылы.

5. Жазбаша пікір қағаз жеткізгіште немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық нысанда Директорлар кеңесінің мүшесі тарапынан Директорлар кеңесі отырысы өткізілетін күннен кешіктірілмей 1 (бір) күнгізбелік күн бұрын ұсынылуға тиіс.

6. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Бұл ретте сырттай дауыс беру Директорлар кеңесі отырысына қатысып отырған мүшелердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) не Директорлар кеңесі отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін.

Күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай дауыс беруге бюллетеньдер қолданылады.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізбей сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда қабылданды деп есептеледі.

7. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруге шығарылатын мәселелер бойынша құжаттарға және/немесе шешім жобаларының тұжырымдамасына дауыс беру нәтижесіне әсер етпейтін

ескертулері (ұсыныстары, толықтырулары) болса, Директорлар кеңесі мүшесі бюллетеньдер тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын Директорлар кеңесінің хатшысын жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Бұл хатшының пікірін Директорлар кеңесінің өзге мүшелеріне танысу үшін жолдауына және Директорлар кеңесінің көпшілік мүшесі келісім білдірген жағдайда, ұсынылған түзетулерді ескере отырып хаттаманы (шешімді) ресімдеуіне негіз болады.

10 тарау. Қоғам Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы

1. Директорлар кеңесінің отырысы хаттамасының жобасы Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысына дейін әзірленеді және отырыс барысында Директорлар кеңесі мүшелері айтқан толықтырулар мен ескертулер болған жағдайда, хаттама жобасы отырыстан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде қайта пысықталады.

2. Қажет болған жағдайда корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі отырысының аудиожазбасын және стенограммасын ұйымдастыруы мүмкін.

3. Директорлар кеңесінің бетпе-бет өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді. Хаттама отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде отырысқа төрағалық еткен тұлға мен корпоративтік хатшы қол қоятындай етіп жасалуға тиіс және онда мынадай мәліметтер қамтылуы қажет:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нәтижелері;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

4. Директорлар кеңесінің мүшесінің талабы бойынша корпоративтік хатшы оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынуға және (немесе) Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен куәландырылған хаттамадан үзінділер мен шешімдерді беруге міндетті.

11 тарау. Директорлар кеңесінің комитеттері

1. Банк ішінде ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы тиіс.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақы;
- 3) ішкі және сыртқы аудит;
- 4) тәуекелдер және ішкі бақылау;
- 5) әлеуметтік мәселелер;
- 6) Қоғам құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

3. Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған мәселелерді қарау, ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, бір немесе бірнеше комитеттің құзыретіне жатқызылуы мүмкін. Ішкі аудит мәселелерін қарау жеке Директорлар кеңесінің комитетімен жүзеге асырылады.

4. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

5. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы бөлімнің 2-тармағының бірінші бөлігінің 1) – 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау функциялары жүктелген комитеттердің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

6. Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің комитетінің төрағасы бола алмайды.
7. Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет тек қана Директорлар кеңесі мүшелерінен тұруы тиіс.
8. Директорлар кеңесінің комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс тәртібі, саны, сондай-ақ сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатымен айқындалады.

12 тарау. Сыртқы сарапшыларды тарту тәртібі

1. Негіздеме болған және тиісті мақсатқа сай болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам қаражаты есебінен Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің өтініші бойынша немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің комитетінің ұсынымы негізінде Қоғамның Директорлар кеңесінің және Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерінің құзыретіне кіретін жекелеген мәселелер бойынша кеңес беру үшін сыртқы сарапшыларды тарту туралы шешім қабылдайды, егер Қоғамның Директорлар кеңесі қарайтын мәселе сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы қажет етсе.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесінің тиісті өтінішінде немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің комитетінің ұсынымында қандай мәселе бойынша кеңес қажет екендігі көрсетілуі тиіс.

13 тарау. Қорытынды ережелер

1. Осы Ереже, сондай-ақ оған енгізілетін барлық өзгерістер және/немесе толықтырулар Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілуге тиіс.
